

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІН АТАП ӨТТІ



16-17 желтоқсанда Қазақстан Республикасы елдің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күнін атап өтті.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Жоғарғы кеңес Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заңды қабылдаған болатын.

Ал, 17 желтоқсан 1986 жылы Алматыда болған әрі Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы маңызды сындарлы сәттерінің бірі саналатын Желтоқсан оқиғасын еске алу күні болып саналады.

Орталық Азия аймағының жетекшісіне айналған қазіргі Қазақстан қарқынды дамуда. Қазақстан экономикасындағы мол табыстарға КСРО кезінде тек шикізат өндіруге бағытталған өнеркәсіптерге сүйенген экономикалық жүйені түбегейлі өзгерту арқылы қол жеткізді. Елде экономикалық реформамен қатар, саяси реформалар да жасалып, Қазақстанның халықаралық сахнадағы беделін көтерген бірқатар жаһандық бастамалар да жүзеге асырылды.

Аталған іргелі өзгерістер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жетекшілігімен жүзеге асқан болатын.

Тәуелсіздік күніне орай Қазақстан Президентінің атына бірқатар мемлекет басшыларының атынан жеделхаттар келіп түсті. Атап айтқанда, Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған тәуелсіз Қазақстан тарихында Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі айырықша болғанын атап өтті. «Біз Қазақстанның егемендік алған сәттен бастап халықаралық аренада қол жеткізген табыстарына, сондай-ақ елдеріңіздің дамуы мен өркендеуінің нәтижелеріне қуанамыз әрі мақтан тұтамыз. Бұл жетістіктер Түркі әлемінің ақылманы саналатын Өзіңіздің сындарлы саясатыңыздың нәтижесі екені сөзсіз. Сіз жаһанда бейбітшілік пен тұрақтылық орнату ісіне үлес қоса беретініңізге, Қазақстанның халықаралық беделі одан әрі арта түсетініне сенімдімін», - делінген Түркия Президентінің жеделхатында.

Мереке қарсаңында мәдениет пен өнер, спорт, саясат және өзге де салаларда қызмет атқарып жүрген бірқатар танымал тұлғалар мемлекеттік марапаттарға ие болды. Осы тұста, Қазақстан Президентінің жарлығына сәйкес Халықаралық Түркі академиясының (TWESCO) президенті Дархан Қыдырәлі Қазақстан Республикасының жоғары наградаларының бірі «Парасат» орденімен марапатталды. Аталған орден елдің гуманитарлық саладағы дамуына үлес қосқан тұлғаларына берілетін жоғары марапаттарының бірі. Сонымен қатар, ТүркПА-ның 10 жылдығына орай әзірленген арнайы «Алтын медал» да Академия басшысына Тәуелсіздік күні қарсаңында тапсырылды.

ТҮРКИЯ ҰЛТТЫҚ ҒАРЫШ АГЕНТТІГІН ҚҰРДЫ



Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған Ұлттық ғарыш агенттігін құру туралы заңды ратификациялады.

Жаңа агенттің Түркияның өнеркәсіп және технологиялар министрлігі аясында қызмет көрсетеді. Агенттіктің штаб-пәтері Анкарада орналаспақ. Жаңа агенттікті жасақтау жұмыстары қазір қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл бағыт Түркия үкіметінің маңызды санаған салаларының қатарына кіреді.

Естеріңізге салар болсақ, Ұлттық ғарыш агенттігін құру жобасы Түркияда Стамбулда кеме қатынасына арналған канал қазу жобасынан кейінгі ең ірі бастама болып саналады. Түркия Ұлттық ғарыш агенттігін құратындығы жөнінде Түркия билігі 2016 жылы мәлімдеген болатын. 2017 жылдың ақпанында Ұлттық ғарыш ғарыш агенттігін құру туралы заң жобасы Түркия ұлы ұлттық мәжілісінің қарауына берілген-ді.

ӨЗБЕКСТАН ЖАҢА ЖЕТИ СУ ҚОЙМАСЫН САЛАДЫ



10 желтоқсанда Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиеев суармалы жерлерді игеру мақсатында елде жаңадан 7 су қоймасы салынатынын мәлімдеді.

2019 жылы елдегі су қоймаларының санын арттыру арқылы плотиналарды дамытуға айырықша мән берілмек. Ал жаңа су қоймаларының жалпы сыйымдылығы 45 миллион текше метрді құрамақ. Су қоймалары елдің түрлі аймақтарында бой көтереді. Атап айтқанда, Ташкент облысында «Паркентсой», «Кизилсой» және «Тоштепа», Жизақ облысында «Караман», Қашқандария облысында «Гулдара» және «Аякчисой», Самарқанд облысында «Булунгур» атты су қоймалары салынбақ екен.

Суармалы егістіктің сапасын арттыру үшін ел бюджетінен 1,7 триллион (205 миллион доллар), ал халықаралық қаржы институттарынан 84 миллион доллар бөлінетін болыпты. Алдағы екі жылда 1 миллион 200 мың гектар алқап тұрақтандырылып, жылына 1 млрд 700 миллион текше метр көлеміндегі суды үнемдеу көзделіпті. Бұл өз кезегінде 600 мың гектар жаңа алқапты игеруге мүмкіндік береді. Ш.Мирзииевтің атап өткен бұл шешім Өзбекстан экономикасының дамуына айырықша үлес қосатынын болжап отыр мамандар.

ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



14 желтоқсанда Қырғызстан Республикасының вице-премьері Жениш Разаков 2019-2023 жылдарға арналған киберқауіпсіздік стратегиясы жобасын талқылауға арналған дөңгелек үстел отырысына қатысты.

Бұл құжатты Қырғызстан Республикасы мемлекеттік ақпараттық технологиялар және байланыс комитеті Қауіпсіздік кеңесі хатшылығымен бірлесе әзірлеген. Сондай-ақ, жобаны даярлауға отандық және шетелдік мамандар да тартылыпты.

Жиын барысында Вице-премьер аталған стратегияны жүзеге асыру өте маңызды екенін атап өтті. «Біздің өмір электронды режимде өтіп жатыр, демек қарапайым адамның ғана емес, тұтас мемлекеттік киберқауіпсіздігі маңызды болып тұр әрі бұл бағытта бірқатар сын-қатердің бар екенін де ескеру керек», - деді Ж.Разаков. Вице-министрдің сөзіне қарағанда мемлекеттік және корпоративтік кибертыңшылық жасау кампаниясының ауқымы кеңіп келе жатса керек, оның үстіне құпия түрде дерек жинау, соның ішінде зиянды бағдарламаларды пайдалану да өсе түсіпті. Ж.Разаков елдің тұрақты дамуы үшін киберқауіпсіздікті сақтау, электронды ақпараттық ресурстарды, жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдарды сыртқы және ішкі қауіп-қатерден қажетті деңгейде қорғау өзекті болып қала бермек. «Мұндай жағдайда Қырғызстан ұлттық экономиканы цифрлық тұрғыда трансформациялауды өз бетінше жүргізіп, азаматтардың заманауи цифрлық

сервистерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін болады»,-деді Қырғызстан вице-премьері.

Жобаны таныстыру кезінде Стратегияның ұлттық киберқауіпсіздік саясатын қалыптастырып, азаматтардың, бизнес пен мемлекеттің маңызды мүдделерін киберкеңістікте қорғау, елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, ұлттық экономиканы цифрлық трансформациялауға үлес қосу мақсатын көздейтіні айтылды.

TWESCO -ҒА МАЖАРСТАН ТУЫ ТАБЫС ЕТІЛДІ



13 желтоқсанда Халықаралық Түркі академиясы (TWESCO) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты қабылдау шарасын ұйымдастырды. Сонымен қатар, шара барысында Халықаралық Түркі академиясына бақылаушы мәртебесін алуына байланысты ұйымға Мажарстанның мемлекеттік туы табыс етілді.

Салтанатты шараға Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Ержан Ашықбаев, Әзербайжан Республикасының елшісі Рашад Маммадов, Мажарстанның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Андраш Барани, Моңғолияның елшісі Лувсан Баттулга, Түркияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Невзат Уянык, Өзбекстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Саидикрам Ниязходжаев,

Қырғызстанның Қазақстандағы елшісінің орынбасары Қайнарбек Токтомушев, Түркменстанның әскери атташесі Ягмыров Анымурад, ғалымдар мен түркологтар, масс-медиа өкілдері қатысты.



Академия президенті Дархан Қыдырәлі TWESCO-ға құрылтайшы мемлекеттердің Ұлттық күндерін өткізу ұйымда дәстүрге айналғанын, бүгінгі шараның Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне арналғанын атап өтті. TWESCO басшысы өз сөзінде Қазақстанның бастамасымен құрылған халықаралық ұйымдар да, сыртқы саясаттағы жетістіктеріміз бен түркі интеграциясындағы табыстарымыз да Тәуелсіздіктің жемісі екенін атап өтті. Сонымен қатар, Академия басшысы ұйымға Мажарстанның бақылаушы мәртебесін алуы ұйымның халықаралық сахнада таныла түскендігінің белгісі екендігін айтты. «Түркі кеңесінің Шолпан атада өткен саммитінде Мажарстан академияға бақылаушы мәртебесін алған болатын. Бүгін Академия қабырғасында Мажарстанның туын көтердік», - деді. Өз кезегінде Мажарстанның елшісі Андраш Барани: «Бұл мен үшін зор құрмет. Халықаралық Түркі академиясының штаб-пәтері Астанада орналасуының арқасында Мажарстан және Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар дамып келе жатқанын айта кетейін. Мажарстан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастардың қарқынды дамуына бауырлас халықтардың ортақ тарихи тамырларының әсерін сезуге болады. Сол себепті Мажарстанның мемлекеттік байрағын Түркі академиясының штаб-пәтеріне табыстаймыз», - деді.

Жиын барысында ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Ержан Ашықбаев, Түркі кеңесі Ақсақалдар кеңесінің тұңғыш мүшесі Мырзатай Жолдасбеков сөз сөйлеп, Мажарстан өкілдерін құттықтады.

ТҮРКІМЕНСТАНДА КАВАЛЕРИЯ УНИВЕРСИТЕТІ АШЫЛАДЫ



10 желтоқсанда Ашхабадта салынып жатқан спорт кешендерін аралау барысында Түркіменстан Президенті Ғұрбанғұлы Бердімұхамедов елде жылқы шаруашылығына қатысты мамандықтарды бір оқу орнында оқыту туралы ұсыныс айтты. Сонымен қатар, Түркіменстан Президенті көне тарихтың архитектуралық ескерткіштері мен мұраларын, тарихты оқытатын факультеттері бар елдің Мәдениет институтында студенттерді туристік бағыттар бойынша оқыту маңызды екендігін атап өтті.

Ғ.Бердімұхамедовтың сөзіне қарағанда бұл бағыттағы кадрларды Ұлттық туризм және спорт институты даярлағаны дұрыс. Сондай-ақ, Түркіменстан басшысы елдегі бірқатар жоғары оқу орындары жылқы шаруашылығы саласына қатысты мамандар даярлайтынын атап өте келе, бұл бағыттағы мамандықтарды бір жоғары оқу орнынан топтастыру дұрыс екендігін айтты.

Осылайша тұтастай бір университет тек қана жылқы индустриясына қатысты маман даярлауы керек. Осыған орай Ғ.Бердімұхамедов Түркіменстан вице-премьеріне туристік салаға қатысты мамандықтарды Түркімен мемлекеттік мәдениет институтына, ал жылқы шаруашылығына қатысты мамандықтарды жеке жоғары оқу орнына топтастыру туралы ұсыныс әзірлеуді тапсырды.